

## **Жалғансай ауылдық округінің құрамдас бөліктеріне жаңа атаулар беру туралы**

Атырау облысы Махамбет ауданы Жалғансай ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 28 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жалғансай ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып және Атырау облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 20 сәуірдегі қорытындысының негізінде, ШЕШТІМ:

1. Жалғансай ауылдық округінің учаскелеріне төмендегі атаулар берілсін:
  - 1) № 1 құрамдас бөлігіне - Жерұйық атауы;
  - 2) № 2 құрамдас бөлігіне - Шағала атауы.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округі әкімі*

*Ғ. Мырзағали*